

**Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілерге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын орау үшін қолданылатын полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл орамаларды, аралас материалдардан ораманы өндірушілердің (импорттаушылардың) қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы енгізуіне байланысты шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 539 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 желтоқсанда № 18121 болып тіркелді

**РҚАО-ның**

**ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі**

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабының 28-13) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілерге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын орау үшін қолданылатын полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл орамаларды, аралас материалдардан ораманы өндірушілердің (импорттаушылардың) қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы енгізуіне байланысты шығыстарды өтеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Қалдықтарды басқару департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі*

*Қ. Бозымбаев*

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2018 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 539 бұйрығымен  
бекітілді

**Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілерге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын орау үшін қолданылатын полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл орамаларды, аралас материалдардан ораманы өндірушілердің (импорттаушылардың) қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы енгізуіне байланысты шығыстарды өтеу қағидалары**

1. Осы Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілерге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын орау үшін қолданылатын полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл орамаларды, аралас материалдардан ораманы өндірушілердің (импорттаушылардың) қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы енгізуіне байланысты шығыстарды өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабының 28-13) тармақшасына сәйкес әзірленген және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілерге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын орау үшін қолданылатын полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл орамаларды, аралас материалдардан ораманы өндірушілердің (импорттаушылардың) қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы енгізуіне байланысты шығыстарды өтеу тәртібін айқындайды.

2. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы (бұдан әрі – оператор) "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 145 қаулысымен бекітілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілерге (бұдан әрі – өндірушілер) әлеуметтік

маңызы бар азық-түлік тауарларын орау үшін қолданылатын полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл орамаларды, аралас материалдардан ораманы өндірушілердің (импорттаушылардың) қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы (бұдан әрі – төлемақы) түрінде енгізген ақшалай қаражатын өтейді.

3. Оператор ораманы өндірушілердің (импорттаушылардың) төлемақыны енгізуін, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын орау үшін осы ораманы пайдаланған өндірушілердің өтемақыны алғанын растайтын құжаттардың есебін жүзеге асырады.

4. Өндірушілер өтемақыны алу үшін операторға есептік тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей мынадай құжаттарды:

1) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтемақы алуға өтінішті;

2) "Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 28 қаулысына сәйкес берілген ораманы өндіру (импорттау) үшін төлемақының толықтығы туралы құжатты;

3) ораманы өндірушілер (импорттаушылар) төлемақы енгізген сол ораманы сатып алуды растайтын құжаттарды:

өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын және төлемақы толықтығы туралы құжат ұсынылған өнімді (тауарларды) өндірушілерден (импорттаушылардан) ораманы сатып алуға жүкқұжаттарын;

ораманы өндіріске есептен шығару актісі;

дайын өнім қоймасында (қоймаларында) оралған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын кіріске енгізуді растайтын құжаттарды ұсынады.

5. Өндірушілерге өндірушілердің (импорттаушылардың) төлемақы енгізуіне байланысты шығыстарын өтеу осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттардың негізінде төленеді.

6. Оператордан өндірушілердің өтемақы алуы мақсатында есептік кезең әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары өндірілген тоқсан болып табылады.

7. Осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттар берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оператор олардың тексерілуін жүзеге асырады.

Ұсынылған құжаттардың толық еместігі анықталған жағдайда, оператор осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде ұсынылған құжаттарды қайтара отырып, жазбаша түрде қараудан дәлелді бас тартуды береді.

Оператордың ескертулері жойылғаннан кейін өндірушілер өтемақы алуға өтінішімен қайтадан жүгінеді.

8. Құжаттарда дұрыс емес мәліметтер ұсынылған жағдайда, оператор өтемақы төлеуден бас тартады.

9. Оператор шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтемақы беру бойынша қабылданған оң шешім туралы не оны беруден дәлелді бас тарту туралы жазбаша (электрондық) нысанда өндірушілерді хабардар етеді.

10. Өтемақыны төлеу өндірушілердің банктік шоттарына есепті тоқсаннан кейінгі тоқсаннан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілерге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын орау үшін қолданылатын полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл орамаларды, аралас материалдардан ораманы өндірушілердің (импорттаушылардың) қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы енгізуіне байланысты шығыстарды өтеу қағидаларына қосымша

Нысан

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторына

\_\_\_\_\_ (дара кәсіпкер үшін Т.А.Ә, заңды тұлғаның атауы)

ЖСН (БСН) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ жұмыс орны (орналасқан жері)  
\_\_\_\_\_ Банктік шоттың деректемелері

**ӨТІНІШ**

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын орау үшін қолданылғанына орай ораманы өндіру (импорттау) үшін төлемақыны енгізумен байланысты шығыстар өтемақысын беруді сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса тіркеймін:

---

---

---

Өтініш берушінің мүдделерін білдіру үшін негіз \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(қолы)

Т.А.Ә \_\_\_\_\_

Лауазымы \_\_\_\_\_

20 \_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_